

**«ҰЛТТЫҚ ТАРИХ КҮНІ»
тарихи зерттеу жобалары байқауы
туралы Ереже**

*Өткенді жаңаша танып, сол тарихтың өзегінен өз орныңды
табуға бастайтын сәт*

МАЗМҰНЫ

- I. Жалпы ережелер
- II. Байқауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі
- III. Байқаудың концепциясы мен мазмұны
- IV. Байқаудың форматы мен бағыттары
- V. Академиялық адалдық
- VI. Бағалау критерийлері
- VII. Ұйымдастыру сұрақтары

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Ұлттық тарих күні» тарихи зерттеу жобалары байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастырудың және оны әдістемелік қамтамасыз етудің тәртібі осы Ережеде (бұдан әрі – Ереже) айқындалады.

1.2. «Ұлттық тарих күні» тарихи зерттеу жобалары байқауы шаралар кешені болып табылады және оны «Qazaq Foundation» Қорының ұйымдастыру бөлімі қордың академиялық күнтізбесіне сәйкес ұйымдастырады.

1.3. Байқау жылына бір рет жалпы білім беретін және жеке меншік мектептерінің 7–11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылады.

1.4. «Ұлттық тарих күні» тарихи зерттеу жобалары байқауының **мақсаттары:**

- оқушылардың өз халқының тарихына, мәдени мұрасына және ұлттық құндылықтарына деген **қызығушылығын арттыру;**
- өткенді **зерттеу арқылы** тарихты жаңа қырынан танып білу;
- тарихи құбылыстар мен оқиғаларды зерттеу, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, дәлелдер негізінде пікір қалыптастыру және тарихи контекстті түсіну қабілетін жетілдіру арқылы оқушылардың **тарихи ойлау дағдыларын** дамыту;
- **түпдеректермен (дереккөздермен) жұмыс жасауды меңгерту,** деректерді сын тұрғысынан зерделеу, салыстыру, интерпретациялауды үйрету.

1.5. Байқаудың **күтілетін нәтижелері:**

- **оқушылардың өз елінің тарихына деген қызығушылығы артады,** нәтижесінде олар тарихи білімді өздігінен игеруге, қосымша ақпарат іздеп, тарихты тануға ұмтылатын болады.
- **тарихи зерттеу жүргізудің негізгі дағдыларын меңгерген оқушылар** өзін «жас зерттеуші» немесе «жас тарихшы» ретінде сезініп, ақпаратты тиісінше іздеп, оны түсініп, ой елегінен өткізуге үйренеді.
- **оқушылардың танымдық көкжиегі кеңейіп,** тарихи құбылыстарды талдау, интерпретациялау және себеп–салдарлық байланыстарды түсіну қабілеті тереңдейді.
- **зияткерлік және тарихи сауаттылықтың дамуы** оқушылардың өткен оқиғаларды қазіргі заманның құбылыстарымен байланыстыра түсіну қабілетін нығайтып, тарихи контекстке негізделген ойлау мәдениетін қалыптастырады.

1.6. Байқау тек қазақ тілінде жүзеге асырылады. Бірақ Байқауға өзге тілде білім алатын оқушылар да қатыса салады (қазақ тілінде).

1.7. Байқауға қатысу тегін.

II. «ҰЛТТЫҚ ТАРИХ КҮНІ» ТАРИХИ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

2.1. Байқау төрт кезеңнен тұрады:

I кезең, желтоқсан-қаңтар – зерттеу жұмыстарын тіркеу (онлайн);

II кезең, ақпан-наурыз – облыстық байқау (офлайн);

III кезең, сәуір – республикалық финал, Астана қаласы (офлайн).

2.2. Байқаудың басты нысаны – **тарихи зерттеу**. **Тарихи зерттеу** - бұл өткен туралы сұрақтар қою, дәлелдерді жинау және бағалау, тарихи деректерді талдау және тарихи оқиғалар мен процесстер туралы логикалық негізделген түсіндірмелер жасау процесі.

2.3. Оқушылар Байқаудың Ұйымдастырушы тарапынан бекітілген тақырыбы аясында талаптарға сәйкес зерттеу жобасын жүргізеді.

2.4. Ұйымдастырушы Байқау тақырыбын www.ulttyqtarihkuni.kz сайтында жариялайды.

2.5. Байқау қатысушылары сынып деңгейіне байланысты екі санатқа бөлінеді:

- Орта сынып (орта дивизион) – 7, 8, 9 - сынып оқушылары
- Жоғары сынып (жоғары дивизион) – 10, 11-сынып оқушылары

2.6. Оқушылар зерттеу нәтижелерін **келесі категориялардың бірін таңдап**, көрсетулері тиіс:

- **көрме**: талаптарға сәйкес зерттеуді рәсімдеп, оны қорғау;
- **тарихи қойылымды** (сахналық көрініс) дайындап, оны көрсету;
- **тарихи деректі фильмді** (видеоконтент) дайындау.

2.7. Тарихи зерттеуді оқушы жеке немесе топта жүргізе алады.

2.8. Егер оқушылар топтық жұмысты тандаса, топта 3-тен кем емес, бірақ 5-тен аспайтын оқушы саны болу қажет. Топ мүшелері бір сыныптың (бір параллельдің) оқушылары болуы тиіс.

2.9. Байқаудың барлық деңгейінде әр дивизион мен санаттағы жұмыстар жеке-жеке бағаланады. Мысалы, **Орта дивизион – Жеке қойылым, Орта дивизион – Топтық қойылым, Жоғарғы дивизион – Жеке қойылым және Жоғарғы дивизион – Топтық қойылым** санаттары бөлек қарастырылады.

2.10. Зерттеу жұмыстарында сенімді деректер мен дереккөздерге сілтеме жасау міндетті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ұсынылмаған жұмыстар қабылданбайды.

2.11. Әрбір зерттеу жұмысы академиялық адалдық саясатына негізделіп, плагиат 10-15%-дан аспауы тиіс. Егер зерттеу жұмысы көрсетілген талапқа сай келмесе, қатысушының жұмысы Байқауға қатыса алмайды.

- 2.12. Жоба жетекшісі ретінде қатысушының/қатысушы топтың мектебіндегі **тарих пәні мұғалімі** тағайындалады.
- 2.13. Жоба жетекшісі оқушыға тарихи зерттеу жұмысын ұйымдастыруда бағыт-бағдар беретін жауапты тұлға болып табылады.
- 2.14. **Жоба жетекшісінің міндеттері:**
- Зерттеу тақырыбын таңдауда оқушыға кеңес беру;
 - Зерттеу жоспарын құруға, дереккөздерді дұрыс таңдауға және академиялық адалдық талаптарын сақтауға көмектесу.
- 2.15. Жоба мәтінін, дизайнын немесе орындау форматын **толықтыруға, жазып беруге немесе өңдеп беруге болмайды**; жетекші тек кеңес беру деңгейінде бағыттайды.
- 2.16. Жоба жетекшісі оқушының атынан жоба жазуға, иллюстрация жасауға, макет құрастыруға немесе презентация дайындауға қатыса алмайды.
- 2.17. Жоба жетекшісінің көмегі тек кеңес беру, түзету бойынша ұсыныс айту және бағыт көрсету форматында болуы керек.
- 2.18. Қатысушы/қатысушы топ өз жобасын қорғап болғаннан кейінгі Әділқазылармен сұхбатқа жетекші қатыспайды және оқушының орнына жауап бере алмайды.
- 2.19. Талаптарды бұзған жағдайда жоба дисквалификациялануы мүмкін.

III. БАЙҚАУДЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ МЕН МАЗМҰНЫ

3.1. Тарихи зерттеу жұмысы төменде көрсетілген **тарихи концептілерінің 1-2-ден көп емесі** таңдалып, сол концептілерді басшылыққа алып жүргізілуі тиіс:

- **өзгеріс пен сабақтастық** (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгерді, ал не өзгеріссіз қалды),
- **себеп-салдар** (мысалы, сол тарихи кезеңдегі саяси процестерге әсер еткен негізгі факторлар қандай),
- **дәлел** (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңнің өнері бізге сол кезеңнің құндылықтары мен сенімдері туралы не айта алады),
- **ұқсастық пен айырмашылық** (мысалы, XIII–XV ғасырларда Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылымының ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде),
- **маңыздылық** (мысалы, Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы неде),
- **интерпретация** (мысалы, әртүрлі зерттеушілер белгілі бір тарихи оқиғаны қалай сипаттайды).

3.3. **Тарихи зерттеудің негізгі кезеңдері:**

- **Зерттеу сұрағын құрастыру.** Өткен туралы сұрақтар қоюдан басталады: «Не болды?», «Неге бұл маңызды?», «Әртүрлі деректер әртүрлі нұсқаларды қалай көрсетеді?».
- **Тарихи контекстті анықтау.** Тарихи контекст - тарихи оқиға орын алған кезеңдегі әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси жағдайларды білдіреді. Бұл - оқиғалардың қалай және неге солай болғанын түсіндіруге көмектесетін негізгі немесе алғышарттық факторлар.
- **Дереккөздерді жинау.** Түпдеректер және қосалқы дереккөздерді (екінші деңгейлі дереккөз) іздеу және жинау: құжаттар, куәліктер, хроникалар, монографиялар, артефактілер және т.б.
- **Дереккөздерді бағалау және талдау.** Дереккөздердің сенімділігін, контекстін, авторын, уақытын, мақсатын, маңыздылығын тексеру.
- **Деректерді интерпретациялау.** Тарихи мәліметтерді талдау: табылған фактілер не білдіреді, олар бір-бірімен қалай байланысты, қандай қорытынды шығаруға болады.
- **Тарихтағы «көпқырлы көзқарасты» ескеру.** Тарихи оқиғалардың куәгерлері немесе бұл оқиға әсер еткен әртүрлі адамдар мен топтардың пікірлері, тәжірибелері мен позицияларын ескеру және бағалау, яғни тек бір ғана нұсқаға сүйенбей, оқиғаны көп қырынан қарастыру.

- **Аргумент құру (тезис).** Талдау мен интерпретация негізінде логикалық тұрғыдан дәлелденген түсіндірме, баяндау немесе гипотеза қалыптастыру: «не, неге және қалай болды».
- **Қорытындылау және рефлексия.** Нәтижелерді жинақтау, зерттеудің мүмкіндіктері мен шектеулерін бағалау.
- **Нәтижелерді ұсыну. Презентация жасау:** көрме, қойылым немесе деректі фильм түрінде көрсету.

3.4. **Тарихи түпдерек** - зерттеліп отырған кезеңде жасалған немесе жазылған түпнұсқа құжат. Мұндай дереккөздер тарихи оқиғалар, құбылыстар мен үдерістер туралы тікелей, алғашқы мәліметтерді береді. *Мысалы, қытшақтардың «Кодекс Куманику» жазбаша ескерткіші, Есім ханның «Ескі жолы» заңдар жиынтығы, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» және т.б., қаулы, бұйрықтар, естелік хаттар.*

3.5. **Қосалқы дереккөз** (екінші деңгейлі дереккөз) - бұл түпнұсқа дереккөздерден алынған ақпаратты талдайтын, түсіндіретін немесе қорыта баяндайтын жұмыс. Мұндай дереккөздер тікелей мәлімет бермей, өткен оқиғалар немесе кезеңдер туралы екінші қолдағы ақпаратты ұсынады. *Мысалы: тарихи монография, ғылыми мақала немесе тарихи оқиға туралы құжаттық фильм.*

IV. БАЙҚАУДЫҢ ФОРМАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

4.1. **КӨРМЕ** - тарихи зерттеу нәтижелерін, аргументтерді және тақырыптың маңыздылығын үшөлшемді (3D) көрнекі форматта (комикс, инфографика, сурет, постер, т.б.) ұсынатын физикалық экспонат. Оқушы өз жұмысын көрме түрінде рәсімдеп, аудиторияға ауызша түсіндіреді, сұрақтарға жауап береді және өз зерттеуінің мәнін дәлелді түрде көрсетеді.

4.1.1. Зерттеу нәтижесі **көрме** түрінде көрсету таңдалса, келесідей талаптар орындалуы тиіс:

- **Жобаның атауы.** Тақырыпты нақты, қысқа түрде көрсететін атау.
- **Зерттеу сұрағы.** Зерттеу сұрағы – зерттеуіңізді бағыттайтын, нақты және түсінікті қойылған негізгі сұрақ.
- **Тарихи контекст.** Оқиғаны дұрыс түсіну үшін қажетті дәуірдің саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық жағдайларын қысқаша сипаттау.
- **Дереккөздерді жинау және талдау.** Пайдаланылған түпдереккөздер мен қосалқы дереккөздерге сілтеме жасап, көрсету.
- **Негізгі қорытындылар.** Аргументтерден тұратын тезис құру, тұжырым жасау.
- **Тарихи маңыздылық.** Бұл тақырып неге маңызды? Оқиғаның қоғамға, мәдениетке, саясатқа әсері қандай?
- **Қорытынды.** Зерттеу сұрағына берілген қысқа, нақты жауап және жалпы нәтижелердің жинақталуы.

4.1.2. Көрнекілік талаптары:

- **Өлшем:** А1 (тік формат ұсынылады). Ені – 100 см, тереңдігі –75 см, биіктігі –180 см.
- **Шрифт:** тақырып 32-48 pt, мәтін 20-24 pt — 1-1,5 метр қашықтықтан оқуға ыңғайлы болу керек.
- **Мәтін мен визуалды материалдардың балансы:** 40% мәтін, 60% суреттер, диаграммалар, карталар.

4.2. **ТАРИХИ ҚОЙЫЛЫМ** - бұл тарихи зерттеу нәтижелеріне негізделген қысқа театрландырылған көрініс, онда негізгі тарихи оқиғалар, үдерістер немесе қатысушылардың көзқарастары көрсетіледі. Сахнаның мақсаты — диалогтар, әрекеттер мен костюмдер арқылы тарихи контексті, себеп-салдар байланыстарын және тарихи оқиғалардың көпқырлылығын көрнекі түрде көрсету.

4.2.1. Зерттеу нәтижесі **тарихи қойылым** түрінде көрсету таңдалса, келесідей талаптар орындалуы тиіс:

- **Зерттеуге негізделген болуы.** Қойылым сіздің тарихи зерттеуіңіздің негізгі қорытындыларын және дәлелдерін көрсетуі тиіс.
- **Тарихи дәлдік.** Барлық оқиғалар, кейіпкерлер, диалогтар мен киімдер зерттеліп отырған тарихи кезеңге және сенімді дереккөздерге сәйкес болуы қажет.
- **Ашықтық және логикалық құрылым.** Сахнада кіріспе, оқиғалардың дамуы, кульминация және қорытынды болуы тиіс. Оқиғалар көрерменге түсінікті болу керек.
- **Әртүрлі көзқарастарды көрсету.** Мүмкіндік болса, оқиғаларға қатысушылардың әртүрлі пікірлері мен көзқарастарын көрсету арқылы тарихи процестің көпқырлылығын көрсету.
- **Ұзақтығы.** 7 минуттан аспауы тиіс, бұл негізгі ойды жеткізуге және зерттеу нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Мазмұн.** Негізгі назар тарихи контекстті, оқиға мазмұнын, себеп-салдарлық байланыстарды және оқиғалардың маңыздылығын түсінуге бағытталуы тиіс.

4.3. **ТАРИХИ ҚЫСҚАМЕТРАЖДЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ (ВИДЕО)** - бұл зерттелген тарихи тақырыпты көрерменге визуалды түрде түсіндіру тәсілі. Фильмде нақты деректер, архивтік материалдар, фотосуреттер мен құжаттар қолданылады, мақсат - тарихи оқиғалардың мәнін көрсету, контекстін ашу және себеп-салдар байланыстарын көрсету.

4.3.1. Зерттеу нәтижесі **тарихи қысқаметражды деректі фильм (видео)** түрінде көрсету таңдалса, келесідей талаптар орындалуы тиіс:

- **Фильм түпнұсқа болуы керек**
- **Зерттеуге негізделген материал.** Фильмде көрсетілетін барлық оқиғалар, фактілер мен көріністер тек зерттеу нәтижелеріне және сенімді дереккөздерге сүйенуі керек.
- **Логикалық құрылым.** Фильмде кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды болуы керек. Оқиғалар хронологиялық немесе тақырыптық логика бойынша баяндалуы тиіс.
- **Қысқалық және нақты жеткізу.** Ұзақтығы 3–5 минут; негізгі идеяларды анық, көрнекі және түсінікті жеткізу қажет.
- **Әртүрлі көзқарастар.** Мүмкіндік болса, оқиғаларға қатысушылардың әртүрлі пікірлері мен тәжірибесін көрсету.

- **Визуалды және аудиоматериалдар.** Карталар, суреттер, фотосуреттер, құжаттар, дәйексөздер және музыкалық немесе дауыс эффектілері зерттеу нәтижесін қолдауы тиіс.
- **Дереккөздерге сілтеме.** Барлық пайдаланылған дереккөздер фильмде немесе қосымша материалда көрсетілуі тиіс.
- **Мазмұн.** Негізгі назар тарихи контексті, себеп-салдар байланыстарын және оқиғалардың маңыздылығын көрсетуге бағытталуы қажет.

V. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

- 5.1. Байқауға қатысуға өтініш берген әрбір қатысушы академиялық адалдық принциптерін сақтауға міндетті.
- 5.2. Байқауға қатысушылар дайындық барысында бұрын жарияланған немесе қорғалған жұмыстарды, соның ішінде интернеттегі материалдарды немесе басқа қатысушылардың жұмыстарын қолдануға немесе ұсынуға қатаң тыйым салынады.
- 5.3. Әрбір зерттеу жұмысының соңында пайдаланылған барлық әдебиеттер тізімі міндетті түрде көрсетілуі тиіс.
- 5.4. Егер плагиат немесе академиялық этикаға қайшы әрекет анықталса, жұмыс келесі кезеңдерге өтпейді, ал қатысушы байқаудан шығарылады.
- 5.5. Сіздің зерттеу жұмысыңыз толықтай жеке жауапкершілігіңіз болып табылады. Жұмыстың мазмұны, негізгі идеялары, дәлелдері мен қорытындылары тек сізге тиесілі болуы тиіс. Ұстаздар мен жетекшілер тек бағыт-бағдар беру, түсіндіру немесе техникалық кеңес сияқты қолдау көрсете алады, бірақ жобаның мазмұнына тікелей араласпауы керек.
- 5.6. Барлық дереккөздерді дұрыс рәсімдеу және көрсету міндетті.
- 5.7. Байқауға қатысушылардың құқықтарын құрметтеу: әр қатысушы өз пікірлерін, идеяларын және зерттеу нәтижелерін ашық әрі еркін білдіруге құқылы.
- 5.8. Байқауға қатысу барысында басқа қатысушыларға немесе олардың жұмысына қатысты этикаға қайшы әрекеттерге жол берілмейді (мысалы, жұмысты көшіру, өзгелердің зерттеу нәтижесін бұрмалау, не кедергі жасау).
- 5.9. Академиялық адалдықтың сақталуы – байқаудың әділ өтуі мен зерттеу мәдениетін дамыту үшін маңызды. Қатысушылар өз жұмыстарында этика мен адалдықты басты принцип ретінде ұстануға міндетті.

VI. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. Байқауға ұсынылған барлық жобалар қазылар алқасы тарапынан **бекітілген бағалау формалары** (Қосымша №1,2,3) негізінде бағаланады.

6.2. Қатысушыларға жоба дайындау барысында аталған бағалау формаларын негізгі әдістемелік құрал ретінде пайдалану ұсынылады.

6.3. Байқау қорытындысы жарияланғаннан кейін қатысушылар қазылар алқасының пікірлері мен ұсынымдарын мұқият зерделеуі тиіс.

6.4. Егер жоба келесі кезеңге өткен жағдайда, қатысушы өзінің жұмысын жетілдіру құқығына ие.

Бұл ретте:

- қосымша зерттеу жүргізуге;
- тарихи талдау мен пайымдауларды тереңдетуге;
- жобаның құрылымы мен мазмұнын қайта өңдеуге;
- жобаның атауын түзетуге рұқсат беріледі.

6.5. Алайда жоба тақырыбын өзгертуге жол берілмейді.

6.6. Бағалау құрылымы

Бағалау формасы екі негізгі бөлімнен тұрады: зерттеу тереңдігі - 70%, зерттеуді ұсыну сапасы - 30%

6.7. Жобаның зерттеу тереңдігін бағалау 60% салмаққа ие, яғни жобаның жалпы ұпайының басым бөлігін құрайды.

6.8. «Зерттеу тереңдігі» бөлімі барлық категориялар үшін ортақ болып табылады.

6.9. Бұл бөлімде төмендегі көрсеткіштер бағаланады:

- таңдалған тақырыпқа сай зерттеу сұрағының анық қойылуы;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қолданылған түпдеректер мен қосалқы деректердің анық көрсетілуі;
- зерттеу жұмысының дәлдігі және дәйектілігі;
- тарихи интерпретация мен талдаудың деңгейі.

6.10. Зерттеуді ұсыну сапасы 40% салмақпен жүргізіледі, жобаның ақпаратты жеткізу сапасын бағалайды.

6.11. «Зерттеуді ұсыну сапасы» бөлімі жоба категориясына байланысты әртүрлі бағаланады.

6.12. Бағалау төмендегі көрсеткіштерге негізделеді:

- жобаның негізгі ойы мен аргументінің түсінікті жеткізілуі;
- категорияға тән құралдарды (презентация графикасы, мультимедия, қойылым және т.б.) тиімді қолдану;
- мазмұнның логикалық реттелуі;
- визуалдық және мәтіндік материалдардың сапасы;
- аудиторияға ақпаратты анық әрі жүйелі жеткізу деңгейі.

VII. ҰЙЫМДАСТЫРУ СҰРАҚТАРЫ

7.1. Бірінші кезең – Өңірлік кезең

7.1.1. Өңірлік кезең барлық облыс орталықтарында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жергілікті білім басқармаларымен бірлесе ұйымдастырылады.

7.1.2. Өңірлік кезеңнің өтетін орны мен уақыты туралы ақпарат ulttyqtarih.kuni.kz сайтында байқауға 10 күн қалғанда жарияланады және қатысушыларға хабарланады.

7.1.3. Байқауға қатысушы оқушылар мен жетекшілері байқау өтетін орынға өз бетімен келуді қамтамасыз етеді.

7.1.4. Қатысушыларды байқау өтетін орынға жеткізу шығындары қатысушының немесе жіберуші ұйымның есебінен жүзеге асырылады.

7.1.5. Қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей келуі және тіркеуден өтуі тиіс.

7.1.6. Өңірлік кезеңде қауіпсіздік, тәртіп сақтау және оқушыларға жауапкершілік жетекшілердің мойнында болады.

Марапаттау рәсімі (Өңірлік кезең):

7.1.7. Әділқазылар алқасы барлық жобаларды бағалап болған соң арнайы марапаттау рәсімі өткізіледі.

7.1.8. Өңірлік кезең нәтижесінде 1, 2 және 3 орын иегерлері грамоталармен, медальдармен және сыйлықтармен марапатталады.

7.1.9. Әр дивизион бойынша жеке және топтық санатта 1-орын алған жеңімпаздар және олардың жетекшілері Республикалық финалға жолдама алады.

7.2. Екінші кезең – Республикалық финал

7.2.1. Республикалық финал Астана қаласында сәуір айының соңында өткізіледі.

7.2.2. Финал екі күнге созылады және бекітілген бағдарлама аясында жүзеге асырылады.

7.2.3. Финалдың өтетін орны, күн тәртібі және ұйымдастыру форматы туралы ақпарат қатысушыларға алдын-ала жіберіледі.

7.2.4. Республикалық финалға өткен қатысушылар мен жетекшілер Астана қаласына ұйымдастырушылардың есебінен шақырылады.

7.2.5. Жолақы, орналастыру, тамақтану және ілеспе ұйымдастырушылық шығындар ұйымдастырушылар тарапынан қамтамасыз етіледі.

7.2.6. Қатысушылар финал бағдарламасының барлық іс-шараларына толық қатысуы тиіс.

7.2.7. Жетекшілер саны ұйымдастырушылар бекіткен квотаға сәйкес анықталады.

7.2.8. Финал барысында қатысушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз ету ұйымдастырушылар мен жетекшілердің ортақ міндеті болып табылады.

Марапаттау рәсімі (Республикалық финал):

7.2.9. Финал нәтижелері жарияланғаннан кейін салтанатты марапаттау рәсімі өткізіледі.

7.2.10. 1, 2 және 3 орын иегерлері медальдармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

7.2.11. Республикалық финалдың жеңімпаздары (1 орын иегерлері) тарихи экскурсияға жолдама алады.

«ТАРИХИ ҚЫСҚАМЕТРАЖДЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ (ВИДЕО)»

категориясы бойынша бағалау формасы

Тарихи зерттеу тереңдігі – 70% (барлық категорияларға ортақ)			
№		1-ден 5-ке дейін*	Қосымша комментарий
1	Жоба тақырыбының Байқау тақырыбына сәйкестігі		
2	Зерттеу сұрағын құрастыру		
3	Зерттеудің тарихи концептіге негізделуі		
4	Тарихи контекст		
5	Тарихи түпдеректер мен қосалқы деректер		
6	Көпқырлы көзқарас		
7	Тарихи дәлдік		
	Жалпы балл		

*Түсініктеме:

Балл	Деңгей	Сипаттама
5	Үздік	Жоба аталған критерий бойынша ең жоғары деңгейде орындалған. Критерий толық орындалған, барлығы өте жақсы көрсетілген. Мысалы: тарихи аргумент өте негізді, дереккөздер әртүрлі және сенімді, тақырып толық ашылған.
4	Жетілген / Қанағаттанарлық	Критерий жақсы орындалған, бірақ кейбір бөліктер жетілдіруді қажет етеді. Мысалы: тарихи аргумент негізді, бірақ кейбір дереккөздер шектеулі немесе тақырыптың толықтығы аздап жетіспейді.
3	Орташа	Критерий орташа деңгейде орындалған. Мысалы: негізгі идея бар, бірақ зерттеу аз, дереккөздер шектеулі, тақырып толық ашылмаған.
2	Төмен / Бастапқы деңгей	Критерий төмен деңгейде орындалған. Мысалы: аргумент әлсіз, дереккөздер аз, тақырыпқа сәйкес келмейтін бөліктер бар.
1	Орындалмаған	Критерий мүлде орындалмаған немесе көрінбейді. Мысалы: тарихи аргумент жоқ, дереккөздер пайдаланылмаған, тақырып толық ашылмаған.

Зерттеуді ұсыну сапасы – 30%

№		1-ден 5-ке дейін*	Қосымша комментарий
1	Аудио және визуалдық элементтер		

2	Техникалық сапа, аудио және визуалдық элементтер		
3	Оқушының зерттеу нәтижесін нақты тұжырымдауы		
	Жалпы балл		

Қосымша 2

«Көрме» категориясы бойынша бағалау формасы

Тарихи зерттеу тереңдігі – 70% (барлық категорияларға ортақ)			
№		1-ден 5-ке дейін*	Қосымша комментарий
1	Жоба тақырыбының Байқау тақырыбына сәйкестігі		
2	Зерттеу сұрағын құрастыру		
3	Зерттеудің тарихи концептіге негізделуі		
4	Тарихи контекст		
5	Тарихи түпдеректер мен қосалқы деректер		
6	Көпқырлы көзқарас		
7	Тарихи дәлдік		
	Жалпы балл		

***Түсініктеме:**

Балл	Деңгей	Сипаттама
5	Үздік	Жоба аталған критерий бойынша ең жоғары деңгейде орындалған . Критерий толық орындалған, барлығы өте жақсы көрсетілген. Мысалы: тарихи аргумент өте негізді, дереккөздер әртүрлі және сенімді, тақырып толық ашылған.
4	Жетілген / Қанағаттанарлық	Критерий жақсы орындалған, бірақ кейбір бөліктер жетілдіруді қажет етеді. Мысалы: тарихи аргумент негізді, бірақ кейбір дереккөздер шектеулі немесе тақырыптың толықтығы аздап жетіспейді.
3	Орташа	Критерий орташа деңгейде орындалған. Мысалы: негізгі идея бар, бірақ зерттеу аз, дереккөздер шектеулі, тақырып толық ашылмаған.
2	Төмен / Бастапқы деңгей	Критерий төмен деңгейде орындалған. Мысалы: аргумент әлсіз, дереккөздер аз, тақырыпқа сәйкес келмейтін бөліктер бар.
1	Орындалмаған	Критерий мүлде орындалмаған немесе көрінбейді. Мысалы: тарихи аргумент жоқ, дереккөздер пайдаланылмаған, тақырып толық ашылмаған.

Зерттеуді ұсыну сапасы – 30%

№		1-ден 5-ке дейін*	Қосымша комментарий
1	Жазбаша және визуалдық элементтер		
2	Техникалық сапа, аудио және визуалдық элементтер		
3	Оқушының зерттеу нәтижесін нақты тұжырымдауы		
	Жалпы балл		

Қосымша 3

«Тарихи қойылым» категориясы бойынша бағалау формасы

Тарихи зерттеу тереңдігі – 70% (барлық категорияларға ортақ)			
№		1-ден 5-ке дейін*	Қосымша комментарий
1	Жоба тақырыбының Байқау тақырыбына сәйкестігі		
2	Зерттеу сұрағын құрастыру		
3	Зерттеудің тарихи концептіге негізделуі		
4	Тарихи контекст		
5	Тарихи түпдеректер мен қосалқы деректер		
6	Көпқырлы көзқарас		
7	Тарихи дәлдік		
	Жалпы балл		

***Түсініктеме:**

Балл	Деңгей	Сипаттама
5	Үздік	Жоба аталған критерий бойынша ең жоғары деңгейде орындалған . Критерий толық орындалған, барлығы өте жақсы көрсетілген. Мысалы: тарихи аргумент өте негізді, дереккөздер әртүрлі және сенімді, тақырып толық ашылған.
4	Жетілген / Қанағаттанарлық	Критерий жақсы орындалған, бірақ кейбір бөліктер жетілдіруді қажет етеді. Мысалы: тарихи аргумент негізді, бірақ кейбір дереккөздер шектеулі немесе тақырыптың толықтығы аздап жетіспейді.
3	Орташа	Критерий орташа деңгейде орындалған. Мысалы: негізгі идея бар, бірақ зерттеу аз, дереккөздер шектеулі, тақырып толық ашылмаған.

2	Төмен / Бастапқы деңгей	Критерий төмен деңгейде орындалған. Мысалы: аргумент әлсіз, дереккөздер аз, тақырыпқа сәйкес келмейтін бөліктер бар.
1	Орындалмаған	Критерий мүлде орындалмаған немесе көрінбейді. Мысалы: тарихи аргумент жоқ, дереккөздер пайдаланылмаған, тақырып толық ашылмаған.

Зерттеуді ұсыну сапасы – 30%

№		1-ден 5-ке дейін*	Қосымша комментарий
1	Көрініс/қойылым		
2	Техникалық сапа, аудио және визуалдық элементтер		
3	Оқушының зерттеу нәтижесін нақты тұжырымдауы		
	Жалпы балл		